

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің 2018 жылғы меморандумының орындалуы бойынша
талдамалық жазба**

«Жұмыссыздық деңгейі» индикаторына қол жеткізу бойынша (нысаналы мәні – 4,9%)

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің (бұдан әрі – ҰЭМ СК) деректеріне сәйкес 2018 жылдың 3-тоқсанында жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ды құрап, 2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 0,1% төмендеді.

Баяндалғанның негізінде, «Жұмыссыздық деңгейі» түйінді индикаторына қол жеткізілді.

«Нәтижесіз жұмыспен қамтығандардың үлесі» индикаторына қол жеткізу бойынша (нысаналы мәні – 10,4%)

ҰЭМ СК деректері бойынша 2018 жылдың 3-тоқсанында нәтижесіз жұмыспен қамтығандар жалпы өзін-өзі жұмыспен қамтылған халық санының 10,3%-ды (2017 жылдың 3 тоқсанында – 12,7%) құрады.

Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар саны 2 115,9 мың адамға қысқартылған (2017 жылғы 3 тоқсан – 2 176,1 мың адам), өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмысшылар санынан нәтижесіз жұмыспен қамтығандар 217,2 мың адамды (2017 жылдың 3 тоқсанында – 275,4 мың адам) құрады.

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «2017-2021 жылдарға арналған бағдарлама шеңберінде нәтижесіз жұмыспен қамтылғандардың үлесін азайту үшін адамдарға басым құқықтар, мемлекеттік қолдау шаралары көзделген.

Баяндалғанның негізінде, «Нәтижесіз жұмыспен қамтығандардың үлесі» түйінді индикаторына қол жеткізілді.

«Өнімді жұмыс орындарының өсуі» индикаторына қол жеткізу бойынша (нысаналы мәні – 3,1%)

2017 жылы ҰЭМ СК кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындарды қоспағанда, ірі және орта кәсіпорындар, сондай-ақ шағын кәсіпорындар үшін өнімді жұмыс орындарының (бұдан әрі - ӨЖО) санын анықтау үшін статистикалық нысандарын әзірледі. ҰЭМ СК есептеулері негізінде 3,462 мың қызметкердің ішінен 1,577 мыңы жоғары өнімділерге жатқызылады, яғни, олардың жалақысы аталған өңірдегі сала бойынша өнеркәсіптің орташа деңгейінен асады.

Жедел деректерге сәйкес 2018 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша құрылған ӨЖО саны 1,599 мың бірлікті немесе 1,4% құрады.

2018 жылғы қорытынды деректер ҰЭМ СК ағымдағы жылдың наурыз айында қалыптастырылады, оның қорытындылары бойынша жобалық мәннің орындалуы күтілуде.

«Жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылған жұмыс істейтін халықтың үлесі (ЖЗЖ-ға қатыспайтындарды қоспағанда)» (нысаналы мәні - 72,4%) **индикаторына қол жеткізу бойынша**

ҰЭМ СК жедел деректері бойынша 2019 жылғы 1 қаңтардағы жұмыспен қамтылған халық саны 8 717,9 мың адамды құрады (оның ішінде 211,3 мың адам ЖЗЖ қамтылмаған әскери қызметшілер).

2019 жылғы 1 қаңтарда жинақтаушы зейнетақы жүйесінің салымшылар саны 6 423 мың адамды құрады.

Осылайша, 2019 жылғы 1 қаңтарда ЖЗЖ-мен қамтылған жұмыспен қамтылған халық үлесі 75,5 %-ды (жоспар – 72,4) құрады, жоспарлық көрсеткішті орындау 104,3 %-ды құрайды.

Аңықтама үшін: Мәселен, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық әскери қызметшілердің пайдасына 20 % МЗЖ-ні аудару бойынша норманы жою арқылы толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға ауыстырылды («Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 2-тармағының 3),4) тармақшалары).

Аталған көрсеткішке қол жеткізуге бағытталған негізгі іс-шаралар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне (ЖЗЖ) қатысушылар мониторингін және зейнетақымен (әлеуметтік) қамсыздандыру мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Жұмыспен қамтылған халықты ЖЗЖ-мен қамтудың жалпы мониторингінен басқа Министрлік ай сайынғы негізде ЖЗЖ-не қатысушылардың екі және одан да көп есе азаюына жол берген кәсіпорындар мониторингі бойынша жұмыс жүргізуде.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, «*Жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылған жұмыс істейтін халық үлесі*» түйінді индикаторына қол жеткізілді.

«АӘК (шартты ақшалай көмек) алушылардың үлес салмағы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылған» индикаторына қол жеткізу (нысаналы мәні – 22,0 %)

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күнкөрісі төмен отбасыларын қолдау мақсатында жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек енгізу.

2018 жылдан бастап АӘК ұсыну өлшемі (кедейлік шегі) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген ең төмен күнкөріс деңгейінен 40% -дан 50% -ға дейін артты (2019 жылы - 14 849 теңге).

АӘК жаңа форматы күнкөрісі төмен азаматтарға кешенді әлеуметтік көмек көрсетуді көздейді, олар ақшалай төлемдерді, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу шараларын қамту және кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді көрсетуді қамтиды.

Сонымен бірге, барлық отбасылар үшін АӘК әлеуметтік келісімшарт негізінде тағайындалады. Еңбекке қабілетті азаматтары бар отбасыларға АӘК жасау бұрынғыдай, шартсыз тәртіппен беріледі.

2018 жылдың қорытындысы бойынша жаңа форматтағы АӘК алушыларының саны 571,6 мың адам немесе 111,1 мың отбасыны құрады, оның ішінде:

- шартсыз қолма-қол ақшалай көмек - 83,1 мың адам немесе АӘК барлық алушыларының 14,5% (21,2 мың отбасы);

- шартты қолма-қол көмегі - 488,5 мың адам немесе 85,5% (89,9 мың отбасы).

2018 жылы АӘК барлық еңбекке қабілетті алушылары жұмысқа орналасуға жәрдемдесу шараларымен қамтамасыз етілген, оның ішінде жұмыспен қамтудың белсенді түрлерімен айналысатын 60%.

Мәселен, есепті кезеңде:

46,8 мың адам немесе 75,7% тұрақты жұмысқа орналасты;

490 адам (0,8%) - жеке бизнесті ұйымдастыру үшін микрокредиттер алды;

3,6 мың адам (5,8%) - біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға бағытталған қайта даярлау курстарына қатысты;

10,9 мың адамға немесе 17,7% уақытша шаралар ұсынылды.

Сонымен қатар, апелляция кезінде 55 мың адам жұмыс істеді.

Есепті кезеңде әлеуметтік бейімделу шаралары 571 мың адамнан 125 мың адамды (немесе 21,9%) қамтыды.

Осыған байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстарды бағалау үшін «Жұмыспен қамтуды белсенді ынталандыру шараларын іске асырумен айналысатын АӘК алушылар үлес салмағы (қаржылық көмек есебінен)» нысаналы индикатор көзделген.

2018 жылдың қорытындысы бойынша жаңа форматтағы АӘК іске асырудың негізгі көрсеткішіне қол жеткізу 23,8% құрайды, жоспар 22%.

Жоғарыда айтылғандар негізінде «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларға тартылған АӘК (шартты ақшалай көмек) алушылардың үлес салмағы» негізгі индикаторына қол жеткізілді.

«Арнаулы әлеуметтік қызметпен қамтылған адамдардың үлес салмағы (оларды алуға мұқтаж адамдардың жалпы санынан)» индикаторына қол жеткізілді (нысаналы мәні – 98,2 %)

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша арнаулы әлеуметтік қызметке мұқтаж адамдардың үлес салмағы 99,1 %-ды құрады.


«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін жаңғырту реформасы жүргізілуде, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттары стационар, жартылай стационар, үйде күту және уақытша болу жағдайларында мемлекеттік, жеке және үкіметтік емес секторларға кезең-кезеңімен енгізілуде.

2018 жылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын іске асыруға 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі бойынша 121 мың адамды қамтуға мүмкіндік беретін нысаналы ағымдағы трансферттердің 1,4 млрд. теңге (2017 жылы 978,8 млн. теңге жұмсалды) бөлінді.

Мәселен, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге үкіметтік емес ұйымдар тартылған, 2019 жылғы 1 қаңтарда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге әлеуметтік тапсырыс 11,0 мың адамды қамтумен 176 ҮЕҰ арасында 17 өңірде іске асырылды.

Баяндалғанның негізінде, «Арнаулы әлеуметтік қызметпен қамтылған адамдардың үлес салмағы (оларды алуға мұқтаж адамдардың жалпы санынан)» нысаналы индикаторына қол жеткізілді.

**Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі**



М. Әбілқасымова